

ЖОБА

Монтессори-педагогтарының кәсіби шеберлігін дамыту: әдістемелік жұмыс пен педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру және басқару

Мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдары басшыларының,
Монтессори-педагогтарының біліктілігін арттыру курсының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Дайындаған:
Ке АҚ «Ұлттық балалар оңалту орталығы»

Астана – 2026

МАЗМҰНЫ

Бөлім 1.	Жалпы ережелер	3
Бөлім 2.	Глоссарий	4
Бөлім 3.	Бағдарламаның тақырыбы	5
Бөлім 4.	Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері	6
Бөлім 5.	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	7
Бөлім 6.	Оқу процесін ұйымдастыру	12
Бөлім 7.	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	13
Бөлім 8.	Оқу нәтижелерін бағалау	13
Бөлім 9.	Курстан кейінгі сүйемелдеу	14
Бөлім 10.	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	15
Қосымша 1	Қорытынды жұмыстарды бағалау критерийлері	16

1- бөлім. Жалпы ережелер

Бағдарлама Монтессори педагогтары, мектепке дейінгі ұйымдардың, түзету мектептерінің, оңалту орталықтарының, ПМПК педагогтарының кәсіби қиындықтары мен қажеттіліктерін зерттеу арқылы анықталған неғұрлым талап етілетін білім кешенін қамтиды. Педагог кадрларды қайта даярлау курсының жұмыс оқу жоспары нормативтік-құқықтық актілердің ережелері мен талаптары негізінде әзірленді:

-Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319-III 1-тарау. Жалпы ережелер. 1-бап, 21-1, 21-2-тармақтар. 8-бап, 7-тармақ. 3-тарау. Білім беру жүйесі. 24-бап, 5-тармақ. 5-тарау. Білім беру қызметі субъектілері. 51-бап, 2, 6-тармақтар.

-Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 27.12.2019 ж. № 293-VI 2-тарау. Педагог мәртебесі. 5-бап, 1-тармақ, 1, 3-тармақшалар — педагогтің біліктілігін арттыруға және кәсіби дамуға құқығы бар. 8-бап, 1-тармақ, 2-тармақша -педагог кәсіби құзыреттілігін және білім беру қызметінің сапасын арттыруға міндетті.

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары»; 1-тарау. Жалпы ережелер, 1–2-тармақтар; 2-тарау. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру тәртібі, 5-тармақ; 3-тарау. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу тәртібі, 20–30-тармақтар; 4-тарау. Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру және өткізу тәртібі, 34–38-тармақтар.

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы»; 1-тарау, 1–2-тармақтар.

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (білім берудің барлық деңгейлеріне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар) 2-бөлім, 11-тармақ — білім беру процесі білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескеруі тиіс. 5-бөлім, 65-тармақ — білім беру бағдарламаларын іске асыру ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді көздейді.

Монтессори педагогикасы бойынша бағдарлама Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық талаптарына сәйкес келеді және инклюзивті білім беру мен балалардың дамуындағы бұзылыстарды ерте анықтау саласындағы мемлекеттік басымдықтарды іске асыруға бағытталған. Ол қазіргі білім беру

жүйесінде және балаларға әлеуметтік қолдау көрсету саласында сұранысқа ие педагогтердің, психологтердің, логопедтердің, дефектологтердің және ПМПК мамандарының кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін мамандардың педагогикалық шеберлігін жетілдіруге бағытталған. Қазіргі білім беру ортасы педагогтерден тек білім беруді ғана емес, әр баланың жеке ерекшеліктерін терең түсінуді талап етеді.

Монтессори педагогикасы мұндай балалармен жұмыс істеудің тиімді әдістерін ұсынады: жеке тәсіл, дамытушы орта құру, дербестікті және әлеуметтік бейімделуді қолдау. Нәтижесінде даярланған Монтессори-педагогтер инклюзивті білім берудің сапасын арттырып, әр баланың әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

Монтессори педагогикасы әлемнің көптеген елдерінде кеңінен қолданылады және әртүрлі білім беру жүйелерінде өзінің тиімділігін дәлелдеді. Әсіресе АҚШ, Италия, Канада, Ұлыбритания, Германия, Жапония және Австралияда Монтессори мектептері мен балабақшалары кең таралған.

Көптеген елдерде Монтессори элементтері мектеп бағдарламаларына енгізіліп, дәстүрлі оқытумен кіріктірілген. Монтессори-педагогтерді даярлау халықаралық стандарттар бойынша жүргізіліп, мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Әлемдік тәжірибе Монтессори педагогикасының тек білім беру үдерісімен ғана шектелмей, баланың әлеуметтік бейімделуіне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына және дербестігінің қалыптасуына ықпал ететінін көрсетеді.

2- бөлім. Глоссарий

Арнайы педагогика – педагогикалық білімнің құрамдас бір бөлігі болғанына қарамастан, көлемді ғылым саласы (латын тілінен аударғанда *specialis* – туыс, түр) деген мағынаны береді. Нақты түрдегі қабылданған анықтамасы, арнайы педагогика – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арнайы білім берудің теориясы мен технологиясын зерттейтін ғылым.

Арнаулы (түзету) білім беру мекемелері – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған білім беру мекемелері.

Арнаулы білім беру жағдайлары – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жалпы білім беру мен кәсіптік білім берудегі арнаулы оқыту мен тәрбие жағдайлары.

ЕБҚЕ-бұл ерекше білім беруді қажет ететін.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы – есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың мағыналық жеке қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемшіліктері.. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы алалия, афазия, ринолалия, дизартрия сияқты күрделі сөйлеу патологиялардың түрлерінде де байқалады. Жалпы сөйлеу тілінің құрылымын, оның себептерін, бірінші және екінші кемшіліктердің сәйкестігін

дұрыс түсіну балаларды арнайы мекемелерге бағыттауда, кемшілікті түзету тәсілдерін дұрыс, әрі тиімді тандай білу маңыздылық танытады.

Инклюзивті білім беру (ағылш. inclusion-білім беруді, бірлесіп оқытуды қамтитын қосу) - қолда бар физикалық, зияткерлік, әлеуметтік, эмоционалдық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, әрбір адамға жалпы білім беру мекемелерінде оқуға мүмкіндік берілетін оқыту нысаны.

Компенсация – (лат. compensatio – өтеу, теңдестіру, толықтыру, орнын басу) – организмнің бұзылған немесе толық дамымаған қызметтерін алмастыру, толықтыру, орнын толықтыру немесе қайта құру. Бұл жүре иеленген немесе туа біткен кемістіктердің нәтижесінде пайда болған организмнің күрделі, әр алуан үрдісі.

Коррекция – (лат. correctio – түзеу) – балалардың психикалық және дене дамуының кемшіліктерін түзетуге немесе оның салдарын жеңілдетуге бағытталған педагогикалық шаралар жүйесі.

Психикалық дамуында тежелуі бар балалар – әдетте ұзақ уақытта әр түрлі себептегі науқастар салдарынан, түрлі созылмалы аурулардан, туа біткен және жүре пайда болған соматикалық жүйедегі ақаулардан, балалар неврозынан жапа шеккендер. Психикалық тежелген балаларды жан-жақты зерттеу 1960 жылдардан басталды: осы жылдары енгізілген міндетті орта білім беру жүйесіндегі өзгерістер, жалпы білім беретін мектептердің бағдарламаларының күрделенуі көптеген балалардың сабақ үлгерімін төмендетті. Тіптен кейбіреулері бағдарламаны игере алмайды, білім сапасы төмендей бастады.

Монтессори педагогикасы — италиялық дәрігер әрі педагог Мария Монтессори жасаған, баланың табиғи дамуын қолдауға бағытталған білім беру жүйесі. Бұл әдістеме баланы жеке тұлға ретінде қарастырып, оның дербестігін, шығармашылығын және өздігінен білім алу қабілетін дамытады.

Мария Монтессори жүйесі — баланың жеке тұлғасын құрметтеуге және оның өздігінен дамуына негізделген оқыту мен тәрбиелеу әдісі.

КӨЖ – Күнделікті өмір жаттығулары.

Баланың сезімтал кезеңдері (сензитивті период) – балалардың сол немесе басқа да тәсілдерге, қызмет түрлеріне; әсерлі іс-әрекет ету түрлеріне аса қабілеттілік кезеңі.

Сананы сіңіру – бұл ерекше, тек ғана 6 жасқа дейінгі балаларға тән қоршаған ортаны тану механизмі.

3- бөлім. Бағдарламаның тақырыбы

Монтессори педагогикасы — баланың жеке ерекшелігін құрметтеу мен өздігінен әрекет ету арқылы тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін білім беру жүйесі. Бұл италиялық дәрігер әрі педагог Мария Монтессори жасаған, баланың табиғи дамуын қолдауға бағытталған әдістеме. Ол баланы жеке тұлға

ретінде қарастырып, оның дербестігін, шығармашылығын және өздігінен білім алу қабілетін дамытады.

Монтессори педагогикасының тікелей әрі толық баламасы жоқ — бұл өзіндік философиясы мен арнайы материалдары бар бірегей жүйе. Бұл жүйеде бір мезгілде:

- ✓ арнайы әзірленген автодидактикалық материалдар;
- ✓ қатаң дайындалған орта;
- ✓ құрылым аясындағы еркін таңдау;
- ✓ педагогтің жетекші емес, бақылаушы ретіндегі рөлі бар.

Монтессори педагогикасы әрдайым сұранысқа ие, себебі ол қазіргі қоғам жағдайында аса маңызды болып табылатын дербес, сенімді әрі ойлай білетін тұлғаны қалыптастырады.

Бағдарлама педагогтердің кәсіби міндеттері мен қажеттіліктерін сауалнама арқылы анықтау негізінде ең сұранысқа ие білімдер кешенін ұсынады: арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері, оқытудың түзету компонентін іске асыру ерекшеліктері, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарды қоса алғанда, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламалары.

4- бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері

Курстың мақсаты: педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, заманауи оқыту әдістерін меңгерту және балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, Монтессори жүйесі бойынша білім беру мен тәрбиені тиімді жүзеге асыра алатын білікті маман даярлау.

Монтессори жүйесі бойынша педагогтерді даярлау курсының міндеттері:

1. Педагогтерді Монтессори философиясымен және негізгі қағидаларымен таныстыру;
2. Балалардың жас ерекшеліктері мен жеке даму ерекшеліктерін түсіну дағдыларын қалыптастыру;
3. Дайындалған ортаны дұрыс ұйымдастыру және Монтессори материалдарымен тиімді жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
4. Балалардың дербестігін, жауапкершілігін және өзін-өзі реттеуін қолдау әдістерін үйрету;
5. Педагогтердің бақылау, тәлімгерлік және рефлексия дағдыларын дамыту;
6. Заманауи педагогикалық технологияларды меңгерту және кәсіби шеберлікті арттыру.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Тыңдаушыда белгіленген мақсат пен міндеттерге сәйкес келетін кәсіби білімді, дағдыларды қалыптастыру үшін бағдарламаның мазмұны 4 модульді меңгеруді қамтамасыз етеді:

1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;
2. Мария Монтессори өмірі және шығармашылығымен таныстыру. Монтессори-әдісін қолдану арқылы 8 айлықтан бастап 3 жасқа дейінгі балалар тобымен жұмыс жасау бағдарламасымен таныстыру. Жиектегі жұмыс түрлерін үйрету.
3. Күнделікті өмір жаттығулары аймағындағы жаттығулар.
4. Сенсорлық даму аймағы жаттығулары

1-Модуль. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Бұл модульде педагог кадрларға қатысты нормативтік-құқықтық құжаттарға талдау жасалады. Нормативтік-құқықтық актілердің негізгі ережелері мен талаптары қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319-III 1-тарау. Жалпы ережелер. 1-бап, 21-1, 21-2-тармақтар — ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлға ұғымы енгізіліп, оқытудың арнайы жағдайларын жасау қажеттілігі белгіленеді. 8-бап, 7-тармақ — мемлекет инклюзивті білім беруді дамытуды және барлық білім алушылар үшін сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді. 3-тарау. Білім беру жүйесі. 24-бап, 5-тармақ — білім беру ұйымдары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін жағдай жасауға міндетті. 5-тарау. Білім беру қызметі субъектілері. 51-бап, 2-тармақ — педагог қызметкерлер кемінде бес жылда бір рет жүйелі түрде біліктілігін арттыруға міндетті. 51-бап, 6-тармақ — педагогтер заманауи оқыту әдістерін және түзете-дамыту жұмысын, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс тәсілдерін меңгеруге тиіс.

Бағдарламамен байланысы: курс инклюзивті білім беру жағдайында даму бұзылыстарын диагностикалау және түзету бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

-Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 27.12.2019 ж. № 293-VI 2-тарау. Педагог мәртебесі. 5-бап, 1-тармақ, 1, 3-тармақшалар — педагогтің біліктілігін арттыруға және кәсіби дамуға құқығы бар. 8-бап, 1-тармақ, 2-тармақша — педагог кәсіби құзыреттілігін және білім беру қызметінің сапасын арттыруға міндетті.

Бағдарламамен байланысы: біліктілікті арттыру курстары педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына қойылатын заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары»; 1-тарау. Жалпы ережелер, 1–2-тармақтар; 2-тарау. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру тәртібі, 5-тармақ; 3-тарау. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу тәртібі, 20–30-тармақтар; 4-тарау. Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру және өткізу тәртібі, 34–38-тармақтар.

Бағдарламамен байланысы: бұл бұйрық біліктілікті арттыру курстарының Білім министрлігі уәкілеттік берген ұйымдарда өткізілетінін және тек оқытуды ғана емес, курстан кейінгі педагогтерге әдістемелік көмек пен кәсіби өзгерістерді сүйемелдеуді көздейтінін айқындайды.

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы»; 1-тарау, 1–2-тармақтар.

Бағдарламамен байланысы: бұл бұйрық педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын (соның ішінде арнайы педагогика бағдарламаларын) әзірлеу, келісу және бекіту тәртібін реттейді.

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. (Білім берудің барлық деңгейлеріне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар) 2-бөлім, 11-тармақ — білім беру үдерісі білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескеруі тиіс. 5-бөлім, 65-тармақ — білім беру бағдарламаларын іске асыру ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді көздейді.

Бағдарламамен байланысы: бұл бұйрық ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін білім алуға, даму бұзылыстарын түзетуге және әлеуметтік бейімделуге жағдай жасалуы тиіс екенін белгілейді.

2-Модуль. Мария Монтессори өмірі және шығармашылығымен таныстыру. Монтессори-әдісін қолдану арқылы 8 айлықтан бастап 3 жасқа дейінгі балалар тобымен жұмыс жасау бағдарламасымен таныстыру.
Жиіктегі жұмыс түрлерін үйрету

М.Монтессоридің негізгі теориялық ұстанымдары туралы жүйелі ой қалыптастыру. Монтессори жүйесіндегі мұғалімнің рөлін, оның педагогикалық тәсілдерінің ерекшеліктерін көрсету. Дайындалған ортаның құрлымы мен мазмұнын, Монтессори топтарындағы педагогикалық процесті ұйымдастырумен таныстыру. Туғаннан 3 жасқа дейінгі балаларға арнайы дайындалған дамытушы орта туралы мәлімет беру.

3-Модуль. Күнделікті өмір жаттығулары аймағы жаттығулары

Күнделікті өмір жаттығулар аймағындағы материалдармен таныстыру. КӨЖ аймағындағы әр материалдың презентациясын көрсету.

4-Модуль. Сенсорлық даму аймағы жаттығулары

Сенсорлық даму аймағы жаттығуларын презентация арқылы көрсету, және М.Монтессори педагогикасындағы 3 сатылы сабағымен таныстыру.

Бағдарлама жоспары:

	Сабақтың тақырыбы	Теориялық сабақтар	Практикалық жұмыс	Барлығы	Өткізу түрі
1	2	3	4	5	6
1- Модуль. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету					
<i>Оқытудың күтілетін нәтижелері:</i> педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру есебінен білім сапасын реттейтін мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын білу.					
1.1	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319-III 1-тарау. Жалпы ережелер. 1-бап, 21-1, 21-2-тармақтар. 8-бап, 7-тармақ. 3-тарау. Білім беру жүйесі. 24-бап, 5-тармақ. 5-тарау. Білім беру қызметі субъектілері. 51-бап, 2, 6-тармақтар.	1	1	2	Лекция
1.2	Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 27.12.2019 ж. № 293-VI 2-тарау. Педагог мәртебесі. 5-бап, 1-тармақ, 1, 3-тармақшалар — педагогтің біліктілігін арттыруға және кәсіби дамуға құқығы бар. 8-бап, 1-тармақ, 2-тармақша — педагог кәсіби құзыреттілігін және білім беру қызметінің сапасын арттыруға міндетті.	1	1	2	Лекция
1.3	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95	1	1	2	Лекция

	бұйрығы «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары»; 1-тарау. Жалпы ережелер, 1–2-тармақтар; 2-тарау. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру тәртібі, 5-тармақ; 3-тарау. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу тәртібі, 20–30-тармақтар; 4-тарау. Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру және өткізу тәртібі, 34–38-тармақтар.				
1.4	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы»; 1-тарау, 1–2-тармақтар.				
1.5	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (білім берудің барлық деңгейлеріне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар) 2-бөлім, 11-тармақ — білім беру процесі білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескеруі тиіс. 5-бөлім, 65-тармақ — білім беру бағдарламаларын іске асыру ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді көздейді.	1	1	2	Лекция
Барлығы:		8 сағ			
2- Модуль. Мария Монтессори өмірі және шығармашылығымен таныстыру. Монтессори-әдісін қолдану арқылы 8 айлықтан бастап 3 жасқа дейінгі балалар тобымен жұмыс жасау бағдарламасымен таныстыру. Монтессори кабинетінің аймақтары. Жиіктегі жұмыс түрлерін үйрету					
<i>Оқытудың күтілетін нәтижелері:</i> Мария Монтессори өмірі және шығармашылығы, М.Монтессоридің негізгі теориялық ұстанымдарын біледі. Монтессори жүйесіндегі мұғалімнің рөлін, оның педагогикалық тәсілдерінің ерекшеліктерін көрсете алады. Дайындалған ортаның құрлымы мен мазмұнын біледі. Монтессори топтарындағы педагогикалық процесті ұйымдастыра алады. Монтессори-әдісін қолдану арқылы 8 айлықтан бастап 3 жасқа дейінгі балалар тобымен жұмыс жасау бағдарламасын					

Ке АҚ «Ұлттық Балалар оңалту орталығы»

біледі.					
2.1	Монтессори-педагогикасына шолу. Мария Монтессори өмірі және шығармашылығы.	1	1	2	Лекция, сұрақ-жауап
2.2	Бала дамуының сезімтал кезеңдері. (Сензитивті период). Баланың сананы сіңіру механизмі.	2	2	4	Лекция, сұрақ-жауап
2.3	Монтессори кабинетінің аймақтары мен құрылымы. (Материалдарды орналастыру. Баланың қауіпсіздігі.)	2	2	4	Лекция, сұрақ-жауап
2.4	«Анамызбен бірге» тобының бағдарламасы. Топтық жұмысын ұйымдастыру. (Арнайы дайындалған дамытушы орта)	2	2	4	Презентация. Сұрақ-жауап
2.5	Жиектегі жұмыс түрлері.	2	2	4	Презентация, Сұрақ-жауап
Барлығы:		18 сағ			
3- Модуль. Күнделікті өмір жаттығулары аймағындағы жаттығулар					
<i>Оқытудың күтілетін нәтижелері:</i> Өз-өзіне қызмет ету жаттығулары, қоршаған ортаға қамқорлық жаттығулары, қозғалысты үйлестіру жаттығулары, қарым-қатынас мәдениеті жаттығулар, тыныштық пен өзін өзі бақылау жаттығулары меңгереді.					
3.1	Күнделікті өмір жаттығулары. Өз-өзіне қызмет ету жаттығулары.	3	2	5	Презентация
3.2	Қоршаған ортаға қамқорлық жаттығулары.	3	2	5	Презентация
3.3	Қозғалысты үйлестіру жаттығулары.	3	3	6	Презентация
3.4	Қарым-қатынас мәдениеті. Тыныштық пен өзін өзі бақылау жаттығулары.	3	3	6	Презентация
Барлығы:		22 сағ			
4-Модуль. Сенсорлық даму аймағы жаттығулары					
<i>Оқытудың күтілетін нәтижелері.</i> Негізгі сенсорлық (сезіну) материалдармен жұмыс істеу әдісін меңгереді.					
4.1	Көру сезімін дамыту жаттығулары.(Түстер. Пішін мен көлем. Өлшем мен ұзындық.)	4	4	8	Презентация

Ке АҚ «Ұлттық Балалар оңалту орталығы»

4.2	Сипап сезу қабілетін дамыту жаттығулары. (Көзін жұмып табу. Қолмен салыстыру. Сипаттау.)	4	3	7	Презентация
4.3	Есту сезімін дамыту жаттығулары. (Бірдей дыбысты табу, қатты-ақырын, ретпен орналастыру.)	4	3	7	Презентация
4.4	Температура мен салмақты сезіну жаттығулары. (Ауыр-жеңіл, жылы-суық.)	2	3	5	Презентация
Барлығы:		27 сағ			
Жобаны қорғау		3			
Қорытынды бақылау жұмысы		2			
Барлығы:		80 сағ			

6- бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, келісуді және бекітуді, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторингті, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуді регламенттейтін Ережеге сәйкес ұйымдастырылады:

- 1) еңбек қызметінен қол үзбей (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);
- 2) жалақысын сақтай отырып, еңбек қызметінен қол үзіп (оның ішінде қашықтықтан оқыту тәсілімен);
- 3) аралас (қашықтықтан оқытуды қолдана отырып, күндізгі).

Оқу процесі оқу жоспарымен, жылдық кестемен, ұйымның сабақ кестесімен реттеледі.

Курстың ұзақтығы: 80 сағат

Біліктілікті арттыру курсының оқу процесін ұйымдастыру шарттары:

- 1) Белгіленген оқу жоспарына, сабақ кестесіне сәйкес оқуға;
- 2) Оқу тәртібі мен мінез-құлық нормаларын сақтауға, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамына және басқа да білім алушыларға құрмет көрсетуге, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұқпауға;
- 3) Біліктілікті арттыру курсының кестесіне сәйкес барлық сабақтардың кемінде 80% - қатысуға;
- 4) Белгіленген ең жоғары балдың кемінде 50% көлемінде қорытынды тестілеуден өтуге міндетті.

7-бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі әдістемелік ұсынымдардың келесі құрылымын қамтиды:

1.дәрістік кешен:

- дәрістер тезистері;
- иллюстрациялық материалдар;
- презентациялық және таратпа материалдар;
- әдебиеттер;

2.практикалық сабақтар:

- практикалық сабақтарға арналған әдістемелік материалдар;
- әдебиеттер;
- мониторинг (сұрақтар, презентациялар);

3.өзіндік жұмыс:

- тапсырмалар;
- орындау/бағалау формасы (презентация, тапсырмалар, сұрақ-жауап);
- әдебиеттер;
- мониторинг (сұрақтар, тапсырмалар және т.б.).

Әрбір модульдің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі баспа немесе электрондық түрде ұсынылатын дәріс конспектілері (брошюралар) арқылы жүзеге асырылады.

8- бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау

Оқыту нәтижелерін бағалау жобаны қорғау, қорытынды бақылау жұмысы негізінде жүргізіледі .

Жобаны қорғау жеке жұмыс түрінде өтеді. Әр тыңдаушы өз жобасын дайындайды.

Өзіндік жұмыс барысында тыңдаушылар қызметті жоспарлауды, ұйымдастыруды және талдауды көздейтін жеке тапсырманы орындайды.

Қорытынды тестілеу үшін ең жоғары балл - 100 балл, ең аз - 50 балл.

50 және одан көп балл алған тыңдаушыға сертификат беріледі. Егер тыңдаушы 50 баллдан төмен балл алған жағдайда біліктілікті арттыру курсы тыңдау туралы анықтама беріледі.

Сертификат алмаған тыңдаушылардың мүмкіндігі бар:

- 1) жылына бір реттен артық емес білімді қайта бағалауға;
- 2) тыңдаушылардың келесі ағымымен білімді қайта бағалауға;
- 3) ағымдағы жыл ішінде дәлелді себептермен бір ағымнан екінші ағымға ауыстырылуға құқылы;
- 4) растайтын құжаттарды ұсына отырып, дәлелді себеппен үзілген курсты аяқтауға құқылы.

Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасына сәйкес қорытынды бағалаудан сәтті өткен тыңдаушыларға тақырып пен сағат көлемі

көрсетілген біліктілікті арттыру курстарының тақырыбы бойынша сертификат беріледі.

9- бөлім. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу білім беру бағдарламаларын әзірледі, келісуді және бекітуді, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторингті, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуді регламенттейтін ережеге сәйкес ұйымдастырылады.

Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен анықталады.

Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүргізу нысандарына мыналар жатады:

1) Тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексивті қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) Педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауды дайындауда консультациялық көмек көрсету;

3) Педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларды (конкурстар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шаралары) өткізу.

Курстан кейінгі сүйемелдеу нәтижелерін талдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг үш жылда кемінде 1 (бір) рет жүргізіледі.

10- бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер тізімі:

1.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

2.«Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы;

3.М.Монтессори «Дом ребенка». Метод научной педагогики. Москва 2010.

4.М. Монтессори «Разум ребенка». Москва 1997.

5.Қазақстан Республикасының Конституциясы; ҚР «Баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау көрсету туралы», «Қазақстан

Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңдары және басқа да нормативтік құжаттар;

6.Әдістемелік ұсынымдар «Қосымша білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық дамуы» – ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2018 ж.

7.«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуын түзету» оқу-әдістемелік құралы, Т. Варенова, 2012 ж.;

8.А. Баталов. «Сөйлеу дамуын диагностикалауда инклюзивті педагогикалық технологияларды қолдану», 2010 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1.Л.Ю. Климанова. 3–6 жастағы балаларға арналған Монтессори тобындағы практикалық өмір жаттығулары

2.Л.Ю. Климанова, ред. Н.Н. Смирнова. 8 айдан 3 жасқа дейінгі балаларға арналған «Анаммен бірге» тобының бағдарламасы. Монтессори әдісі негізінде жұмыс жасау, Мәскеу, 2000 ж.

3.Л.Ю. Климанова, ред. Негізгі сенсорлық материалдармен жұмыс әдістемесі

4.Н. Голиков. Жалпы білім беретін мектеп жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, 2006 ж.

5.В. Патракеев. Оқу мүмкіндіктері төмен оқушыларды түзете-дамыта оқытудың педагогикалық технологиялары, Мәскеу, «Перспектива» оқу орталығы баспасы, 2013 ж.

6.Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, Алматы, 2019 ж.

7.Ерсарина А.К. Инклюзивті білім беру жүйесінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметін ұйымдастыру, 2020 ж.

8.Коржова Г.М., Вишневская Т.А., Баймуратова А.Т., Завалишина О.В. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға педагогикалық қолдаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері, 2020 ж.

Қорытынды жұмыстарды бағалау критерийлері

Өзіндік жұмысты бағалау критерийлері:

Курстың даму деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын игеру;
- 2) зерттелетін материалды практикалық қолдану;
- 3) ақпаратты талдау және синтездеу;
- 5) қорытынды жасай білу.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысты орындау бойынша білімдерін бағалау балдарды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 9-10 балл (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 7-8 балл (75-84%);
- 3) «қанағаттанарлық»: 5-6 балл (50 - 74%).

Жобаны бағалау критерийлері

Курстың даму деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) жобаның негіздемесі;
- 2) жобалық идеяның креативтілігі;
- 3) жобаны іске асыру жоспары;
- 4) алған білімдерін көрсету;
- 5) әлеуетті нәтижелілік.

Жобаның құрылымы

Бір жобалық тақырыпта 4-5 тыңдаушыдан тұратын топ жұмыс істейді. Әр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) Титул парағы (ұйымның атауы, әзірлеушінің Т.А. Ә., жылы, қаласы көрсетіледі).

2) Мазмұны (Кіріспе, Негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігі, жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, негізгі проблеманы тұжырымдау және қысқаша сипаттау негіздемесі беріледі).

4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе ашылады, қолда бар тиімді практиканың көздері мен материалдарында жобалық идея баяндалады, жобаны іске асырудың іс-қимылдары (кезеңдері) жоспарланады, жобаны бағалау критерийлері, көрсеткіштері, индикаторлары және оның болашақ дамытушы, оқытушы, қалыптастырушы әсері айқындалады.

5) Қорытынды (жобаның тәуекелдері тіркеледі, жалпылау жасалады немесе зерттеу нәтижелерін нақты пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар беріледі).

6) Пайдаланылған көздердің тізімі.

7) Қосымшалар (қажет болған жағдайда).

8) Слайд түріндегі Презентация.

Ке АҚ «Ұлттық Балалар оңалту орталығы»

Жобаны бағалау критерийлері:

- 1) жобаның негіздемесі;
- 2) жобалық идеяның креативтілігі;
- 3) жобаны іске асыру жоспары;
- 4) алған білімдерін көрсету;
- 5) әлеуетті нәтижелілік.

Жобаның бағалау парағы

Критерийлер	Ұпайлар	Пікірлер орны
Зерттеу мәселесін тұжырымдау		
Қойылған проблемалардың, мақсаттар мен міндеттердің сәйкестігі		
Жоба тақырыбы		
Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану,		
Жаңалық		
Жобаны іске асыру кезеңдерінің құрылымдылығы		
логика, жүйелілік, толықтық		

Жобалық жұмыстың тұсаукесерін бағалау үшін келесі критерийлер бөлінеді:

0 балл-іске асырылмаған;

1 балл – ішінара іске асырылды;

2 балл-толық іске асырылды.

Жоба бойынша ең жоғары балл саны-12 балл.

Жұмыс үшін балл сомаларын дәстүрлі бағалау нормаларына аударуды келесі схема бойынша жүзеге асыруды ұсынамыз:

«5» (өте жақсы) бағасы 11-12 балл сомасына қойылады.

«4» ұпайы (жақсы) 8-10 баллға сәйкес келеді.

«3» (қанағаттанарлық) балл 6-7 балл сомасына сәйкес келеді.

Тестілеуді бағалау критерийлері

	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1.	Модуль 1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету	2	10
2.	Модуль 2. Мария Монтессори өмірі және шығармашылығымен таныстыру.	18	15

Ке АҚ «Ұлттық Балалар оңалту орталығы»

	Монтессори-әдісін қолдану арқылы 8 айлықтан бастап 3 жасқа дейінгі балалар тобымен жұмыс жасау бағдарламасымен таныстыру. Монтессори кабинетінің аймақтары. Жиіктегі жұмыс түрлерін үйрету.		
3.	Модуль 3. Күнделікті өмір жаттығулары аймағындағы жаттығулар.	28	20
4.	Модуль 4. Сенсорлық даму аймағы жаттығулары.	27	20
5.	Жобаны қорғау	3	-
5.	Қорытынды тестілеу	2	65
	Барлығы	80	65

Ұпайларды (Балдарды) бағалау шкаласы

баға	Орындалу шегі%	Балдар (ұпайлар)
5	90%-100%	29-35
4	75-89%	23-28
3	50-74%	15-22
2	50% аз емес	20 балдан аз емес